108	Аллаберген Айша 6 сынып	Қазақстан Республикасы ауыл мектептеріне арналған «Мың бала» Ұлттық зияткерлік олимпиадасы	Диплом ,БІЛ жолдам а	Республик алық	Математика пәнінің мұғалімі Әмірхан Кәкіма Советқызы
109	Серік Нұрым 5 сынып	«Ақ бота» зияткерлік олимпиадасы	2 дәреже лі диплом	Республик алық	Математика пәнінің мұғалімі Әмірхан Кәкіма Советқызы
110	Серік Нұрбол 5 сынып	«Ақ бота» зияткерлік олимпиадасы	1 дәреж елі диплом	Республик алық	Математика пәнінің мұғалімі Әмірхан Кәкіма Советқызы
111	Көшербай Расул 6 сынып	«Ақ бота» зияткерлік олимпиадасы	1 дәреже лі диплом	Республик алық	Биология пәнінің мұғалімі Жортуылова Нургуль Абаевна
112	Көшербай Расул 6 сынып	Қазақстан Республикасы ауыл мектептеріне арналған «Мың бала» Ұлттық зияткерлік олимпиадасы	Диплом ,БІЛ жолдам а	Республик алық	Биология пәнінің мұғалімі Жортуылова Нургуль Абаевна
113	Аллаберген Айша 6 сынып	Қазақстан Республикасы ауыл мектептеріне арналған «Мың бала» Ұлттық зияткерлік олимпиадасы	Диплом ,БІЛ жолдам а	Республик алық	Биология пәнінің мұғалімі Жортуылова Нургуль Абаевна

	<b>Мұғалімнің ТАӘ</b>	<b>Журналдың атауы</b>	<b>Жылы</b>
1	Толеубаев Еркеш Кошербаевич	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "KEMENGER USTAZ.KZ" №05 мамырайы 2022 жыл	2022
2	Әмірхан Кәкіма Советқызы	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "UZDIKNUSTAZ" №6 маусымайы 2022 жыл	2022
3	Серикова Карлыгаш Мадияровна	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "BILIM AINASY" №12 желтоқсанайы 2021 жыл	2021
4	Серикова Карлыгаш Мадияровна	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "ҚАБІЛЕТ" №12 желтоқсанайы 2019 жыл	2019
5	Жортуылова Нургуль Абаевна	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "БІЛІМ ӘЛЕМІ" №11 қараша айы 2023 жыл	2023
6	Жортуылова Нургуль Абаевна	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "Қазақстан ұстазы" №05 мамырайы 2022 жыл	2022
7	Бекова Гульнар Темиржановна	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "Баспасөз бен жұмыс жасаушы педагог" №5 мамырайы 2019 жыл	2019
8	Бекбаулова Қымбат Анарбековна	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "BILIM AINASY" №02 27 ақпанайы 2023 жыл	2023
9	Тусупова Айгерем Айтжановна	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "UZDIKUSTAZ" №10 қазанайы 2022 жыл	2022
10	Ахметжанова Перизат Сиражевна	мақала	2022
11	Ахауова Сауле Сериковна	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "Өркениет" 2023 жыл Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал "	2023
12	Ахауова Сауле Сериковна	Жарқын Болашақ" №9 қыркүйек айы 2022 жыл	2022
13	Есмакаева Алия Абыкеновна	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал	2020

		"Қазақбілім" 2020жыл қаңтарайы	
14	Есмакаева Алия Абыкеновна	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "Тағылым" 2022жыл	2022
15	ЖақсыбаеваайданаАйтжановна	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "KEMENGER USTAZ.KZ" мамырайы 2022 жыл	2022
16	КәтәйМәдинаРамазанқызы	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "KEMENGER USTAZ.KZ" №11 мамырайы 2022 жыл	2022
17	МазихановаАселБекболтановна	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "KEMENGER USTAZ.KZ" №05 қазанайы 2023 жыл	2023
18	Искакова Гульназ Магатовна	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "Қазақстанұстазы" №11 қарашайы 2023 жыл	2023
19	Анапьянова Райхан Ануаровна	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "Қазақстанұстазы" №11 қарашайы 2019жыл	2019
20	АлиакбароваДаметкенкасымовна	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "Өнерліұрпақ" №02/01 қаңтарайы 2023жыл Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "TOP TEACHERS" №09/01 қаңтарайы 2022жыл	2022
21	Майкенова Гульнар Кайроллиновна	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "Бастауышмектеп" №3 наурызайы 2021жыл	2021
22	Тускенова Эльмира Нуртасовна	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "Алтын Қалам" №1 қаңтарайы 2022жыл	2022
23	Валитова Бакыт	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал "Педагог хабаршысы" №35 қазанайы 2021жыл	2021
24	Қусатаева Баян Кенесовна	Республикалықғылыми-әдістемелік журнал" БІЛІМ ӘЛЕМІ" №11 қарашайы 2022жыл Республикалықғылыми-әдістемелік журнал" Қазақстанұстазы" №11 қарашайы 2022жыл	2022

	Мұғалімнің ТАӘ	Әдістемелік ҚҰРАЛ	Жылы
1	Серикова Карлыгаш Мадияровна	«Жаңартылған білім мазмұны бойынша биология пәнінен 9-10-шы сыныптарға арналған тапсырмалар жинағы» материал	2020

	Мұғалімнің ТАӘ	Авторлық бағдарлама	жылы
1	Серикова Карлыгаш Мадияровна	«Биология пәнінен 8-сыныпқа арналған функционалдық тапсырмалар»	2022
2	Ахауова Сауле Сериковна	«Ғажайып грамматика»	2023
3	Қусатаева Баян Кенесовна	«Білім беру үдерісінде сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану»	2022

### **ІІІ БӨЛІМ. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІНІҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ** **Білім алушылардың контингентінің сандық құрамы:**

2021-22, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында

Әдістемелік ұсынымдарға 8-қосымша

№	Контингенттің құрылымы	Бастауыш мектеп		Негізгі мектеп		Орта мектеп		Мектеп бойынша барлық контингент	
		Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны	Жалпы сынып саны	Оқушылар саны
1	Жалпы білім беретін сыныптар	4	74	6	88	2	18	12	180

Оқу жылы	2021/2022 Оқу жылы	2022/2023 Оқу жылы	2023/2024 Оқу жылы
Оқушылар контингенті	186	189	180

2021-2022 оқу жылында 186 оқушы болса, 2022-2023 оқу жылында 3 оқушыға артса, 2023-2024 оқу жылында 9 оқушыға кеміп отыр.

#### 1) Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер

Оқыту кезеңдері	2021/2022 оқу жылы			2022/2023 оқу жылы			2023/2024 оқу жылы		
	саны		Орташа толымдылық	саны		Орташа толымдылық			Орташа толымдылық
	оқушылар	сынып		оқушылар	сынып		оқушылар	сынып	
Бастауыш мектеп	81	5	16	87	5	17	74	4	18
Негізгі мектеп	79	5	15	78	5	15	88	6	14
Орта мектеп	26	2	13	24	2	12	18	2	9
<b>Мектеп бойынша барлығы</b>	<b>186</b>	<b>12</b>	<b>15</b>	<b>189</b>	<b>12</b>	<b>16</b>	<b>180</b>	<b>12</b>	<b>15</b>

2021-2022/2022-2023/2023-2024 оқу жылдары:

	Жобалық қуаттылығы	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023 –2024 о.ж.	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар саны

					2021-2022	2022-2023	2023-2024
Оқушылар саны		186	189	180	5	6	6
1-4 сыныптар		81	87	74	4	3	3
5-9 сыныптар		79	78	88	1	3	3
10-11 сыныптар		26	24	18	0	0	0

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен, 03 тамыз 2022 ж. №348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 2023-2024 оқу жылдарында 1-11-сыныптарда (10 сынып) сынып толықтығы 24 және одан да артық болуына байланысты ағылшын тілі, орыс тілі пәндері екі топқа бөлініп оқытылды.

2) **Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:**  
**2021-2022 оқу жылындағы оқушы қозғалысы:**

Сынып	Сынып саны	01.09.2021	Ітоқ.	Штоқ.	Штоқ.	ІҮтоқ.
		саны	саны	саны	саны	саны
1-4сынып	5	81	81	80	81	80
5-9сынып	5	79	79	80	81	79
10-11сынып	2	26	26	26	26	26
Барлығы	12	186	186	186	188	185

Мектеп 2021-2022 оқу жылын 186 оқушымен бастап, 185 оқушымен аяқтады.

**2022-2023 оқу жылындағы оқушы қозғалысы:**

Сынып	Сынып саны	01.09.2022	Ітоқ.	Штоқ.	Штоқ.	ІҮтоқ.
		саны	саны	саны	саны	саны
1-4сынып	5	87	87	87	87	87
5-9сынып	5	78	78	78	79	79
10-11сынып	2	24	24	24	24	24
Барлығы	12	189	189	189	190	190

Мектеп 2022-2023 оқу жылын 189 оқушымен бастап, 190 оқушымен аяқтады.

**2023-2024 оқу жылындағы оқушы қозғалысы:**

Сынып	Сынып саны	01.09.2023	Ітоқ.	Штоқ.	Штоқ.	ІҮтоқ.
		саны	саны	саны	саны	саны



1-4сынып	4	74	75	75	75	
5-9сынып	6	88	89	91	89	
10-11сынып	2	18	19	18	17	
Барлығы	12	180	183	184	181	

Мектеп 2023-2024 оқу жылын 180 оқушымен бастады. III-тоқсанды 181 оқушымен аяқтады.

Оқушыларды мектепке қабылдау Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 3 маусымдағы №275 бұйрығы негізінде іске асырылды. Мектеп қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды 1-сыныпқа және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде 10-11 сыныптарға қабылдады.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес каникул кезеңінде (сот шешімін, басқа елді мекенге көшуді, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға кетуді қоспағанда) жүзеге асырылды.

## IV БӨЛІМ. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

### 4.1. Жұмыс оқу жоспары мазмұнының сәйкестігі

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшем шарттар:**

**1) Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік жоспарларына сәйкестігі:**

Мектеп оқу процесі Баянауыл ауданы білім бөлімімен келісілген, мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жасайды. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспары бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік жоспарларына сәйкес жасалды.

Оқушылардың шекті оқу жүктемесі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптарға сәйкес.

#### 2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылында «Б.Хайдаров жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш білім берудің, негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (2020 жылғы 05 мамырдағы № 182 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) негізінде құрылды.

Оқу процесі келесі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүргізілді:

✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 с.ж. № 557 бұйрығы);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырға № 205 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен).

2021-2022 оқу жылында мемлекеттік тілде оқитын 1 сыныптар үшін «Әліппе» пәні енгізілді.

1-4 сыныптарда "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсы міндетті түрде оқу қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты құрайтын 1-3 – сыныптарда, бастауыш сынып мұғалімдері 4-сыныпта 10 сағатты құрайды.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда – әр сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жүзеге асырады.

"ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен (14-тармақ) бастауыш мектептегі "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" пәнінің атауы "Цифрлық сауаттылыққа" өзгертілді. Пәннің мазмұны мен оқу жүктемесі өзгерген жоқ. "Цифрлық сауаттылық" пәнін оқу "ҚР Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығына (2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 (188-2К қосымша) және 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 (4-қосымша) бұйрықтарға өзгерістер енгізілді) сәйкес жүзеге асырылады. 2021-2022 оқу жылында "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізіледі.

5-9-сыныптардағы "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының мазмұны дене шынықтыру мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан тұратын "дене шынықтыру" оқу курсы аясында жүзеге асырылады.

5-8-сыныптарда "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта әр сыныпта 10 сағаттан жүргізіледі.

Вариативті компоненттен "Жаһандық құзыреттіліктер" курсы аясында 9-сыныпта "Зайырлылық және дінтану негіздері" факультативтік курсын оқуға сағат бөлінеді, ол аптасына 1 сағат жүргізуді көздейді. Оқытуды ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдер жүргізді.

#### **Оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігі келесі тізімде берілді:**

**1) Бастауыш білім беру:** 2-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативтік бөлігі оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерінің дамуына бағытталып, математикалық қабілеттерін оятып, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру мақсатында «Көркем жазу» курсына аптасына 1 сағат берілді.

**2) Негізгі орта білім:** 5-9 сыныптарда Вариативті компоненттен "Жаһандық құзыреттіліктер" курсы аясында келесі тізімде көрсетілген курстарға аптасына 1 сағаттан бөлінді:

✓ адамгершілік тәрбие беру, оқушылардың моральдық-этикалық білімдерін жетілдіру мақсатында «Парасаттылық және әдеп» үйірмесі 5 сыныпта аптасына 1 сағат;

✓ экологиялық сауаттылықты дамыту мақсатында «Экологиялық негіздері» - 6 сыныпта аптасына 1 сағат;

✓ білім алушыларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен дәстүрлері, толеранттылығы мен мейірбандығы негізінде тәрбиелеу, өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту, қарым-қатынастың этикалық нормалары негізінде тұлғааралық мәдениет қалыптастыру мақсатында «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» курсы - 7 сыныпта аптасына 1 сағат;

✓ білім алушылардың бойында медиасауаттылық негіздері бойынша теориялық білім базасын, іс-әрекеттің практикалық дағдыларын қалыптастыру, және ақпаратпен тиімді әрі қауіпсіз жұмыс жасауға үйрету мақсатында «Медиасауаттылық» курсы 8 сыныпта аптасына 1 сағат;

✓ дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында 9-сыныпта "Зайырлылық және дінтану негіздері" факультативтік курсын оқуға аптасына 1 сағат бөлінді.

Элективті курстар келесі тізімде берілді:

✓ ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру және оқушыларды құрастыру және модельдеуге, сондай-ақ роботты басқаруға үйрету мақсатында «Робототехника» - 5-7 сыныпта аптасына 1 сағат;

✓ ақпараттық мәдениетті, оқушылардың оқу-танымдық және ізденушілік-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында «Физика құбылыстары» - 8 сыныпта аптасына 1 сағат;

✓ оқушыларға Абай Құнанбаевтың шығармашылығымен таныстыру мақсатында 9 сыныпта

«Абайтану» курсына аптасына 1 сағат бөлінді.

**3) Жалпы орта білім:** 10 сыныпқа арналған «Абайтану» курсы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы, ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының негізінде жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, қазақ тілінде оқытылатын 10 сыныптың вариативті бөлігі келесі пәндер тізімімен берілді:

✓ оқушылар бойында ұлтжандылық пен әлеуметтік сезімді дамыту, азаматтық көзқарасты қалыптастыру мақсатында «Жас сарбаз» курсы – аптасына 1 сағат

✓ оқушылардың оқу-танымдық және ізденушілік-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында «Физика және техника» - аптасына 1 сағат;

✓ 10- сыныптың вариативті бөлігінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы аясында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсына оқуға 1 сағат берілді.

Сондай-ақ, 11 сыныптың инварианттық бөлігіне келесі таңдау бойынша курстар мен факультативтер енгізілді:

✓ оқушылардың оқу-танымдық және ізденушілік-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында «Физика және техника» - аптасына 1 сағат;

✓ оқушылардың оқу-танымдық және ізденушілік-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында «Физика әлемі» - аптасына 1 сағат;

✓ Математикалық сауаттылығын жетілдіру мақсатында « Математикалық сауаттылығы» курсы аптасына 1 сағат;

✓ оқушылардың қоғамдық сауаттылығын қалыптастырып, дамыту мақсатында «Дүниежүзі тарихы пәнінен қорытынды аттестацияға дайындық» - аптасына 1 сағат;

Элективті курстар келесі тізімде берілді:

✓ 11 сыныпқа арналған «Абайтану» курсы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы, ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының негізінде жүзеге асырылады.

✓ ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру және оқушыларды құрастыру және модельдеуге үйрету мақсатында « Веб программалау негіздері» - 11 сыныпта аптасына 1 сағат;

✓ жаратылыстану сауаттылығын жетілдіру мақсатында «Химия әлемі» курсы аптасына 1 сағат;

✓ Салауатты өмір салтын ұстау мақсатында «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» курсы аптасына 1 сағат;

#### **Үйде оқыту процесі:**

Оқу жылында 1-сыныпта 1 оқушы, 2-сыныпта 1 оқушы, 4-сыныпта 1 оқушы, 5-сыныпта 1 оқушы, 7-сыныпта 1 оқушы барлығы 5 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша үйден тегін оқытылады.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш білім берудің 53-қосымшасы, 2 қосымша 10 тарау, негізгі орта білім берудің 6-қосымшасы, 10 тарау басшылыққа алынды.

#### **Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар**

##### **оқушыларға арналған бастауыш және негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

Оқу жылында жылында 1-сыныпта 1 оқушы, 2-сыныпта 1 оқушы, 5-сыныпта 1 оқушы, 7-сыныпта 1 оқушы, барлығы 4 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жеке оқу жоспарымен оқытылады.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш білім берудің 2 қосымша 10 тарау, негізгі орта білім берудің 6-қосымшасы, 10 тарау жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

## **Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары**

Оқу жылында жылында 4-сыныпта 1 оқушы, жалпы 1 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жеке оқу жоспарымен оқытылады.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш білім берудің 53 қосымша арнайы үйде тегін оқитын оқушыларға арналған **бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары** басшылыққа алынды.

### **2022-2023 оқу жылы**

2022-2023 оқу жылында мектеп білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алып және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырды:

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен № 406 бұйрығы);

✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен № 412 бұйрығы);

✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулармен № 365 бұйрығы);

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.

✓ 2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері туралы нұсқаулық-әдістемелік хат (Нұр-Сұлтан: Б.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2022ж);

2022-2023 оқу жылында стандартқа енгізілген өзгерістерге сәйкес: «Көркем еңбек» сабағы екі пәнге бөлінген: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері», олар тек 1-сыныпқа арналған дербес оқу пәндері ретінде айқындалған.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

2022-2023 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім берудің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына енгізілген толықтыруларға сәйкес іске асырылады. «Букварь» пәні (оқыту орыс тілінде) бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Букварь» оқу пәні ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны келесідей оқу пәндері арқылы іске асырылады:

Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы «Сауат ашу», «Қазақ тілі», орыс тілінде оқытпайтын сыныптардағы «Орыс тілі», «Әдебиеттік оқу», «Шетел тілі»;

«Әліппе», «Ана тілі» пәндерінің әліппеге дейінгі және одан кейінгі кезеңінің міндеттері бірінші жартыжылдықта «Әліппе» оқулығымен, екінші жартыжылдықта қазақ тілінде білім

алушылар үшін «Ана тілі» оқулығы арқылы жүзеге асырылады;

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәні арқылы іске асырылады.

«Жаратылыстану» оқу пәні білім берудің келесі деңгейлеріндегі «Биология», «Физика», «География», «Химия» дербес оқу пәндерін зерделеуге арналған пропедевтикалық курс болып табылады, сондай-ақ білімнің кез келген саласы үшін маңызды зерттеу дағдыларының негіздерін қалайды.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы ұсынылған.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады.

1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы міндетті түрде оқу қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: бастауыш сынып мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда - 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағатты құрайды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын сынып жетекшілері сынып сағаттары және сыныптан тыс сабақтар есебінен: 1-4 сыныптар бойынша әр сыныпта 6 сағаттан, жылдық жұмыс жоспарындағы тақырыбы мен күнін көрсете отырып іске асырады.

**Бастауыш білім беру:** 1,2,3,4 сыныптарда оқу жоспарының вариативтік бөлігі оқушылардың математикалық қабілеттерін оятып, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру мақсатында «Қызықты математика», «Логика әлемі» курсына аптасына 1 сағат беріледі.

**Негізгі орта білім:** Негізгі орта білім берудің әрбір білім беру саласының базалық мазмұны ғылым негіздеріне оқыту қажеттілігін ғана емес, тиімді әлеуметтенуге ықпал ететін руханилықтың, әлеуметтік және мәдени тәжірибенің одан әрі дамуын қамтамасыз етуді ескере отырып айқындалған.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны келесідей оқу пәндері арқылы іске асырылады:

- 1) Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда - «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті»;
- 2) Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда – «Орыс тілі мен әдебиеті»;
- 3) «Шетел тілі».

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласындағы оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндерінде іске асырылады.

Негізгі орта білім берудің 5,6,7 сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнына «Өлкетану» курсының материалдарымен біріктірілетін болады.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады. «Дене шынықтыру» пәнін оқыту топтарға бөлместен жүзеге асырылады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 5-8 сынып журналдарының жеке бетіне сабақтың тақырыбы мен күні көрсетете отырып, сынып сағаттары мен сыныптан тыс сабақтар есебінен 10 сағаттан жүргізіледі.

9 сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» курсы шеңберінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы оқу үшін вариативтік компонент есебінен сағаттар бөлінеді, аптасына 1 сағаттан жүргізуді көздейді. Оқытуды ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша біліктілікті

арттыру курстарынан өткен мұғалімдер жүргізеді.

Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы міндетті бейіндік оқытудың оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндерінің ерекшеліктерін ескере отырып белгіленген оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес әзірленетін оқу бағдарламаларымен нақтыланады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-қосымшасының 23-тармағының 8-тармақшасына, 38, 44-тармақтарына сәйкес 10-11 сыныптарда «Дене шынықтыру» білім беру саласы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнімен ұсынылған.

«Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10 сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының шеңберінде бастапқы әскери және технологиялық даярлық педагог-ұйымдастырушылары 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен іске асырылады. Тіршілік қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

10-сыныпта білім алушылардың практикалық біліктері мен дағдыларын дамыту мақсатында, сондай-ақ әскери істі зерделеуге қызығушылықты қалыптастыру үшін оқу жылының соңында жасөспірімдермен әскери бөлім базаларында (әскери бөлімдердің қолбасшылығымен келісім бойынша) немесе тиісті білімі бар білім беру ұйымдарында оқу-материалдық базасы бар 30 сағат көлемінде бес күндік оқу-далалық (лагерьлік) жиындар өткізіледі. Оқу-далалық жиындар бастапқы әскери және технологиялық даярлық курсынан өту бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады, оларды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және білім беру ұйымдарында көзделген сағаттар есебінен қамтамасыз етіледі.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптарында оқыту Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асыралады.

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы енгізілді. Жаһандық құзыреттер жаһандандудың өсіп келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады.

Курс жаһандық азаматтылық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық мәселелердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті ақпаратты іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзыреттілікті қамтиды.

Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты көздейді, оқу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді.

«Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет),
- оқу жылында 17 сағат
- 9 – сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат
- 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.
- 0, 5 сағат жүктемесі бар курс екі аптада 1 рет өткізіледі.

5-8 сыныптарда курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және әдеп», «Экология», «Эмоционалдық интеллект», «Медиасауаттылық», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» юниті қосымша енгізілді. Әр сынып үшін сағат саны мен күтілетін нәтижелерді көрсететін әр түрлі бірліктер ұсынылады. Ұсынылған курс тақырыбы 5-9 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттер» жалпылама

курсы.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру. Оқу курсы мазмұнының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

11 сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсына «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» бір юнит жатады.

10-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттіліктер» курсының мазмұны білім алушыларға пән саласына қатысты дағдыларды (hard skills), әлеуметтендіру дағдыларын (soft skills), өздігінен білім алу және үздіксіз білім алу дағдыларын (self skills) қалыптастырудың жүйелі үдерісін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы, «Жаһандық құзыреттіліктерді» оқыту шеңберінде орта білім беретін 5-11 сыныптарда білім алушылар жаһандық оқиғаларды, олардың себептері мен салдарын, әртүрлі үдерістер мен құбылыстарды талдап бағалау, оларды басқа адамдардың ұлттық-мәдени құндылықтарымен дұрыс байланыстыру, жеке және топтық жұмыс, тәлімгер мұғалімнің қолдауымен өз бетінше оқу үдерісін басқару, оқу үдерісіне қатысты маңызды мәселелерді қарастыру дағдыларын игереді, жеке, аймақтық / ұлттық және жаһандық көзқарастар, олардың өзара байланысын түсіну, қолжетімді ақпаратты сын тұрғысынан бағалау, өз ұстанымын талқылау және дәлелдеу, сыртқы әлеммен белсенді өзара іс-қимыл жасау, жеке өсуін, өз елінің дамуының перспективаларын және оның жетістіктеріне өзіндік тигізген септігін көру.

Қазақ тілінде оқытылатын 10 сыныптың элективті курстар бөлігі келесі тізімде берілді:

- ✓ оқушылар бойында ұлтжандылық пен әлеуметтік сезімді дамыту, азаматтық көзқарасты қалыптастыру мақсатында «Жауынгер» курсы аптасына 1 сағат;
- ✓ экологиялық тәрбие беру, оқушылардың моральдық-этикалық білімдерін жетілдіру мақсатында «Экология» курсы - 1 сағат.

Қазақ тілінде оқытылатын 11 сыныптың элективті курстар бөлігі келесі пәндер тізімімен берілді:

- ✓ экологиялық тәрбие беру, оқушылардың моральдық-этикалық білімдерін жетілдіру мақсатында «Экология» курсы - 2 сағат.
- ✓ 10-11 сыныптың вариативті бөлігінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы аясында» курсын оқуға 1 сағат берілді.

### **Үйде оқыту процесі:**

Оқу жылында 1-сыныпта 1 оқушы, 2-сыныпта 1 оқушы, 3 сыныпта 1 оқушы, 5-сыныпта 1 оқушы, 6-сыныпта 1 оқушы, 8-сыныпта 1 оқушы барлығы 6 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша үйден тегін оқытылады.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш білім берудің 53-қосымшасы, 2 қосымша 10 тарау, негізгі орта білім берудің 6-қосымшасы, 10 тарау басшылыққа алынды.

### **Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар**

#### **оқушыларға арналған бастауыш және негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

Оқу жылында жылында 2-сыныпта 1 оқушы, 3-сыныпта 1 оқушы, 6-сыныпта 1 оқушы, 8-сыныпта 1 оқушы, барлығы 4 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жеке оқу жоспарымен оқытылады.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш білім берудің 2 қосымша 10 тарау, негізгі орта білім берудің 6-қосымшасы, 10 тарау жеңіл ақыл-ой кемістігі бар

оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта және бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары**

Оқу жылында жылында 1-сыныпта 1 оқушы, 5-сыныпта 1 оқушы, 9-сыныпта 1 оқушы (17 сәуір 2023 жыл №693 анықтамаға сәйкес) жалпы 3 оқушы дәрігерлік-консультациялық кеңестің қорытындысы бойынша жеке оқу жоспарымен оқытылады.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш білім берудің 53 қосымша, 55 қосымша арнайы үйде тегін оқитын оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

**2023-2024 оқу жылы**

2023-2024 оқу жылында «Б.Хайдаров атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алып және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырды:

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен № 406 бұйрығы);

✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен);

✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулармен № 365 бұйрығы);

✓ Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 194 бұйрығы, 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен);

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 123 бұйрығы;

✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №



399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы;

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

✓ «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы, 2021 жылғы 3 қарашадағы №547 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен.

✓ «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292 бұйрығы;

✓ «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;

✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № ҚР ДСМ-31 бұйрығы;

✓ Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 тамыздағы № 246 бұйрығы.

✓ Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 194 бұйрығы, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен);

✓ «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы»

әдістемелік нұсқау хат (Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2023ж).

Білім беру ұйымындағы оқу процесі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес жүргізіледі, Үлгілік оқу жоспары жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 тамыздағы № 412 бұйрығымен.

**Бастауыш білім беру .2023-2024 оқу жылында стандартқа енгізілген өзгерістерге сәйкес:** «Көркем еңбек» сабағы екі пәнге бөлінген: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері», олар тек 1-сыныпқа арналған дербес оқу пәндері ретінде айқындалған. «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

2023-2024 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім берудің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын

бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына енгізілген толықтыруларға сәйкес іске асырылады.

«Әліппе» ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны келесідей оқу пәндері арқылы іске асырылады:

«Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Шетел тілі».

«Әліппе», «Ана тілі» пәндерінің әліпбиге дейінгі және одан кейінгі кезеңінің міндеттері бірінші жартыжылдықта «Әліппе» оқулығымен, екінші жартыжылдықта қазақ тілінде білім алушылар үшін «Ана тілі» оқулығы арқылы жүзеге асырылады;

«Шетел тілі» 3-4 сыныптарда аптасына 2 сағаттан оқылады.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

«Цифрлық сауаттылық» 1-сыныптарда екінші жарты жылдықта аптасына 1 сағаттан өткізіледі.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәні арқылы іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы ұсынылған.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады.

1-4 сыныптарда «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы міндетті түрде оқу қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: бастауыш сынып мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда - 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағатты құрайды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын сынып жетекшілері сынып сағаттары және сыныптан тыс сабақтар есебінен: 1-4 сыныптар бойынша әр сыныпта 6 сағаттан, жылдық жұмыс жоспарындағы тақырыбы мен күнін көрсете отырып іске асырады.

Қазақ тілінде оқитын 1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативтік бөлігі келесі тізімде берілді:

- ✓ оқушылардың математикалық қабілеттерін оятып, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру мақсатында 1-4 сыныптарда «Қызықты математика» курсы, 1 сағат;
- ✓ оқушылардың көркем жазу қабілеттерін жетілдіру мақсатында 2 сыныпта «Көркем жазу» аптасына 1 сағат берілді;

### **Негізгі орта білім:**

Негізгі орта білім берудің әрбір білім беру саласының базалық мазмұны ғылым негіздеріне оқыту қажеттілігін ғана емес, тиімді әлеуметтенуге ықпал ететін руханилықтың, әлеуметтік және мәдени тәжірибенің одан әрі дамуын қамтамасыз етуді ескере отырып айқындалған.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны келесідей оқу пәндері арқылы іске асырылады:

- 1) «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті»;
- 2) «Орыс тілі мен әдебиеті»;
- 3) «Шетел тілі».

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «География. Қазақстан географиясы» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласындағы оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндерінде іске асырылады.

Негізгі орта білім берудің 5,6,7 сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнына «Өлкетану» курсының материалдарымен біріктірілетін болады.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады. «Дене шынықтыру» пәнін оқыту топтарға бөлместен жүзеге асырылады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 5-8 сынып журналдарының жеке бетіне сабақтың тақырыбы мен күні көрсетете отырып, сынып сағаттары мен сыныптан тыс сабақтар есебінен 10 сағаттан жүргізіледі.

9 сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» курсы шеңберінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын оқу үшін вариативтік компонент есебінен сағаттар бөлінеді, аптасына 1 сағаттан жүргізуді көздейді. Оқытуды ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдер жүргізеді.

